

Қарағанды облысының білім беру ұйымдары кітапханашыларының форумы

2021 жылдың 05 мамырында on-line форматта «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Қарағанды облысының білім беру ұйымдары кітапханашыларының форумы өтті.

Форумға Қарағанды облысының білім басқармасының мамандары, оқу - әдістемелік орталықтың әдіскерлері, кітапханалардың жұмысын қадағалайтын аудандық және қалалық білім бөлімдерінің мамандары, мектепке дейінгі ұйымдар, мектептер, гимназиялар, лицейлер, облыстық мектеп-интернаттар, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының кітапханашылары қатысты.

Білім беру ұйымдарындағы кітапхана жұмысының өзекті мәселелері бойынша 4 еркін пікір дискуссиялық алаң жұмысы өткізілді.

Пленарлық отырысты Қарағанды облысының білім басқармасының басшысы Г. Ш. Қожахметова құттықтау сөзбен ашты.

Отырысқа Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының президенті Ғ.Б. Бейсембаев; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасының директоры А.А. Насырова; «Қарағанды қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесі» КММ директоры Г.К. Ахметкаримова; Н.В. Гоголь атындағы Қарағанды облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы басшысының орынбасары Г.Н. Умбединова; Қарағанды қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің аға педагог-кітапханашысы С.Г. Ахметжанова қатысты.

Қарағанды облысы білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының директоры Б.Х. Абдикерова қатысушыларды Қарағанды облысының білім беру ұйымдарының оқушылары үшін арнайы Нұрмақов атындағы мектеп-интернатымен бірлесіп әзірленген «Оқырман күнделігімен» таныстырды.

Пленарлық отырыс барысында 30 жылдан астам жұмыс өтілі бар Қарағанды облысының білім беру ұйымдарынан 27 кітапханашы марапатталды.

Форумға Қарағанды облысының білім беру ұйымдарынан 400 кітапханашылар қатысты.